

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп – гимназиясы

1-10 сандар аралығында амалдар орындау


(дизграфия)


Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары

Бөлім:	Танымдық
Арнайы педагогтің Т.А.Ә.	Тұралиева А.Е
Күні:	11.03.2025
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы:	1-10 сандар аралығында амалдар орындау
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	Түзете дамыту пәні Сандарды тану және жаза білу; Санау және оқу дағдыларын дамыту;
Сабақтың мақсаты:	-тақырыпқа байланысты қосу және азайту амалдарын орындау арқылы ойлау қабілетін дамыту; -тапсырмаларды орындау барысында коммуникация дағдысы дамиды; - ойын тапсырмаларды орындау арқылы ақыл ой-өрісін дамыту;

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/уақыт	Арнайы педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
I.Кіріспе кезеңі	Сабаққа дайындық			
	Психологиялық дайындық өткізу. Мен мектепке барамын, Жақсы оқушы боламын. Сабағымды жақсы оқып, Кілең бестік аламын.	Мұғаліммен бірге қайталайды.		
Жаңа білім	Тақтадағы сандар тізбегін тура және кері санау арқылы сандарды еске түсіреді.	Мұғалім сұрағына жауап беру арқылы жұмыстанады.		
Математика	Көрші сандарды табу арқылы білімін толықтырамыз.	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10		Дәптермен жұмыс
	Ең алдымен тапсырмалар және сыйлық жасырылған			

Сергіту сәті Сабақтың ортасы	қорапшаларды арнайы бағыт арқылы айналдырып таңдап сол бойынша қорапшада жасырылған тапсырмаларды орындайды. 1 тапсырма Шаңырақ құрастыру ойыны Жарты бөлігінде жауабы жарты бөлігінде есеп құрастырылған сол арқылы есепті шығарып шаңырақ бөліктерін құрастырып тапсырманы орындайды. 2 тапсырма Қыз қуу ойыны Сандарға сәйкестендірілген кубикті тастау арқылы қолындағы персанажды жүргізіп мәреге алғаш жету керек. 3 тапсырма Қызықты математика Суреттерге жасырылған сандар арқылы есептерді шығару. Теңге алу Ойын түріндегі тапсырманы түсіндіріп әуен қосады.	Есепті шығарып желіммен дұрыс бөлігін жабыстырады. Қиындыларды құрастыру.Қосу азайту есептерін шығару.  Мұғаліммен бірге қайталап айту және іс - қимылды қайталау.  Қосу және азайту амалдарына берілген есептерді шығару Қазақы әуен қосылады сол арқылы балалар қимыл жасап қозғалады кейін әуен тоқтаған сәтте қолындағы құралмен қандайда бір теңгені алады артында жасырылған тапсырмаға бүдірмей тез жауап береді.	Сурет Шаңырақ бөлігі, желім Кубик, персонаж Қимыл қозғалыс Теңгелер, тапсырмалар
--	---	---	---

Саусақ жаттығуы	4 тапсырма Қапшық толы есептер Қапшықтағы санның құрамын анықтауға негізделген тапсырма.Берілген есептің шешуі сәйкес келген қапшықтағы санға апарып есепті орналастырады.	 Қосу және азайту амалдарына берілген есептерді шығарып шешуіне сәйкес қапшыққа апарып орналастырады. 		Қапшық
Сабақтың соңы	Дұрыс сандарды акварель бояулары арқылы бояйды.	 Балалар бояу құралдарын пайдаланып дұрыс сандарды бояйды.		Бояу тақтасы.
	Көңіл күй бейнеленген смайликтерді басу арқылы кері байланыс береді. - Біз бүгінгі сабақта не істедік? - Не білдік? Сабаққа жақсы қатыстыңдар!Жарайсыңдар! Рақмет!			Смайликтер «Бағалау терезесі»

--	--	--	--	--